

FTAMP 65.63.29

Р.Т. Қауымбаев¹ – негізгі автор,
М.Ш. Шардарбек² | ©



¹PhD, доцент м.а., ²Техн. ғылым. канд., доцент

ORCID

¹<https://orcid.org/0000-0003-4266-342X> ²<https://orcid.org/0000-0002-9787-5684>



^{1,2}М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті,



Тараз қ., Қазақстан Республикасы



¹msh.shardarbek@dulaty.kz

<https://doi.org/10.55956/YTRJ4745>

СҮТ ӨНІМДЕРІНІҢ ӘЛЕМДІК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ОНЫҢ ДАМУЫНДА ҚАЗАҚСТАННЫҢ АЛАТЫН ОРНЫ

Аңдатпа. Мақалада сүт және сүт өнімдерінің әлемдік нарықтағы негізгі қалыптасу тенденциялары, сонымен қатар бұл процесте Қазақстанның ролі анықталған және талданған. Сыртқы нарықтарға шығаруға бағытталған қазақстандық сүт өнеркәсібіне әлемдік нарықтан «өз орнын» табу мақсатында, әлемде болып жатқан үрдістерді ұстану қажеттілігін негіздейді.

Тірек сөздер: әлемдік нарық, сату, өндіріс, сапа, сыртқы нарық, тұтынушылық, сұраныс, қажеттілік.



Қауымбаев, Р.Т. Сүт өнімдерінің әлемдік нарығы және оның дамуында Қазақстанның алатын орны [Мәтін] / Р.Т. Қауымбаев, М.Ш. Шардарбек // *Механика және технологиялар / Ғылыми журнал.* – 2024. – №1(83). – Б.40-49. <https://doi.org/10.55956/YTRJ4745>

Кіріспе. Қазіргі заманғы тенденция мынадай, яғни әлемдік нарықтағы сүт және сүт өнімдеріне деген сұраныс жыл өткен сайын өсе түсуде. Әлемдегі сүт және сүт өнімдерін сатудың өсуі жер бетіндегі адам санының өсуімен, сондай-ақ адамзаттың әл-ауқатының жалпы өсуімен және мемлекеттердің экономикалық даму қарқынымен тікелей байланысты. Сонда да, осындай жағдайларға қарамастан соңғы жылдары әлемдік нарық бірқатар өзгерістерге ұшырауда, ол ең алдымен, жаһандық демографиялық теңдіктің өзгеруі аясына және тұтынушылар қалауының өзгеруіне байланысты. Сүт және сүт өнімдерін сату дамушы елдерде артуда, ал дамыған елдерде керісінше кемуде. Дамушы елдердегі халық санының өсуі, сонымен қатар осы елдердегі ақырындаған экономикалық даму сүт және сүт өнімдерін өндірушілердің осы нарықтарға көңіл аударуына себеп болды. Дамыған елдерде сүт және сүт өнімдерін сату кеми түсуде, бұл ең алдымен диета мен дұрыс тамақтанудың танымал болуынан туындап отыр, соған сәйкес көптеген адамдар құрамында канттың болуына байланысты сүт және сүт өнімдерін пайдаланудан бас тартуда.

Болжам бойынша 2020-2024 жылдары әлемде сүт және сүт өнімдерінің сатылу көлемі орташа алғанда 1,3% өсуде және де 2024 жылы 278,0 млн тонна құрайды. Ретроспективтік кезең тенденциялары жалғаса түседі деп күтілуде, яғни дамушы елдерде сүт және сүт өнімдерін тұтыну артады және дамыған елдерде керісінше кемиді [1].

Жаһандық демографиялық тепе-теңдіктің, сондай-ақ тұтынушылар қалауының өзгерулеріне байланысты болып жатқан құбылыстарға сәйкес Қазақстан Республикасының жалпы өнеркәсібі де трансформациялану жағдайында тұр. Сүт өнімдерін өндірушілер ішкі нарықтарынан тыс іскерлік қарым-қатынастарға қол жеткізу мақсатында шикізат көздерін табу мен өздерінің дайын өнімдерін сату нарықтарын іздестіруде. Біздің ойымызша, бұндай жағдайлар жаһандық индустрияны дамыту үшін күрделі болса да, жақсы мүмкіндік болып табылады. Глобалды экономикалық байланыстарды кеңейту негізінде мемлекеттердің өзарабайланысу деңгейінің артуы әлемдік экономиканы дамытудың негізгі тенденциясы болып табылады. Тауарлы нарықтардың дамуы мен халықаралық сауда-саттықтың өсуі – жаһандануға неғұрлым тән келетін белгілер. Сүт өнімдерін өндірушілер үшін шикізаттың тұрақты жеткізілуін және табыстың тұрақтылығын қамтамасыз ету қарым-қатынастардың артуы мен өндірістің шоғырлануына мүмкіндік береді, яғни нәтижесінде саланың жаһандануы тездетіледі және сұраныс артады.

Зерттеу шарттары мен әдістері. Жұмыста зерттеу үшін негіз ретінде қазақстандық және шетелдік басылым материалдары, статистикалық жинақтар, нормативтік-құқықтық құжаттар, сараптамалық есептер пайдаланылды.

Зерттеу жұмысын орындау кезінде жалпы ғылыми әдістер, талдаулар мен синтездеу, қорыту, ұқсас материалдар, салыстыру әдісі, аналитикалық әдістер пайдаланылды.

Сүт нарығы жалпы азық-түлік нарығының ең бір маңызды сегменттерінің бірі болып табылады. Сүт және сүт өнімдерін өндіру мен қайта өңдеу – агроөнеркәсіп кешенінің ең бір перспективалы және неғұрлым тез динамикалық дамушы құрамы. Жер бетіндегі халық санының өсуі нәтижесінде сүт және сүт өнімдерін тұтыну да арта түсуде.

Дамыған елдердің өнім өндірушілері өздерінің шығарған өнімдерін дамушы елдердің нарықтарына шығара отырып, өз ішкі нарықтарында өз өнімдерін тұтынудың төмендеп кету мәселесімен ұшырауда. Европа және Солтүстік Америка елдерінде белең алған өмір сүру салтын өзгерту мен жаңа диеталық талаптарға байланысты өнімдерді дәстүрлі тұтыну жолының өзгергендігін байқауға болады. Соңғы 30 жыл ішінде АҚШ-та сүт және сүт өнімдерін сату көлемі қазіргі уақытты ең бір төмен деңгейге түскен, ал Батыс Еуропа елдерінде сүт және сүт өнімдерін тұтынушылық көлемі де 0,8% төмендеген. Осы аталағн елдер нарығында бизнесті қолдау мақсатында өнім өндірушілер салауатты өмір сүру салтын арттыру үшін сүт өнімдерінің тағамдық қасиеттерін жақсарту, жаңа дәм беру немесе басқа да қосымша компоненттер қосу арқылы жақсартылған өнімдер шығаруды қолға ала бастаған. Бұл, ең алдымен дамыған елдерде тұратын халықтар арасында кеңінен танылып, сұранысқа ие болған «тіске басар», «дэскфастинг» (ағылшын тілінен аударғанда «жұмыста таңғы ас бар» дегенді білдіреді) секілді «жүре бара» тұтына салатын өнім түрлеріне арналады [1].

Аз дамыған нарықтарға арналған базалық сүт өнімдерінің түрлеріне деген тез өскен сұраныс – жергілікті сүт компаниялары үшін өздерінің өндірістерін арттыруда үлкен стимул болып табылады. Шикі сүт сапасының тиісті деңгейде болуы үшін бұл компаниялар экспортер-елдермен өзара қарым-қатынас орнату мақсатында жұмыстар жүргізуде. Бірақ, дәстүрлі экспортер-елдер өздерінің ең жоғары өндірістік қуатына жеткен кезде, шикі сүт өнімі үшін болатын бәсекелестік неғұрлым қатал бола түседі, бұндай жағдайда дамушы елдер өндірістің өзін-өзі қамтамасыздандыруы үшін


инвестиция салуға мәжбүр бола түседі. Сондай-ақ, оларға қоршаған ортамен, табиғи ресурстармен және тиісті тәжірибенің болуымен байланысқан мәселелерді шешуге де тура келеді.

Мысалы, кейбір елдер өздері үшін нарыққа арналған бұндай модельді таңдап алған. Сонымен, Сауд Аравиясы, ыстық және құрғақ климаттық жағдайларға қарамастан, қазіргі уақытта сүт және сүт өнімдерімен ішкі нарығының жартысына жуығын қамтамасыздандыруды жергілікті өндіріс есебінен жүргізеді, және де Таяу Шығыс елдерінде берік экспорттық желі жүйесін құрған.

Бір мезгілде дамушы елдер аймағында көптеген компаниялар қосылған тұтынушылық қасиеттері бар ассортименттер номенклатурасын кеңейту бағытында жұмыстар атқаруда, мысалы, мынадай ингредиенттер – сок, хлопья, жаңғақ және т.б. қосу арқылы өнімнің жаңа түрлерін жасауға жағдай жасайды.

Тұтастай алғанда әлемдік сүт өнеркәсібінің перспективасы өте тартымды болып қала береді, әсіресе дамушы нарықтардың өсу сұранысын қанағаттандыру мүмкіндігімен қатар, дамыған аймақтардағы тұтынушылар арасындағы жаңа өнімдерге деген қажеттілікті қанағаттандыру мүмкіндігі бар компаниялар үшін тартымды.

Әлемдегі сүт өндіру 2014 жылдан 2020 жылға дейінгі аралықта 22,6% артқан (1-сурет). Неғұрлым жоғары өсім Латын Америкасы елдерін, АҚШ, Австралия, сонымен қатар Индия елін қамтыған. Бұл бағытта ТМД елдері мен Қытай да үлкен потенциалға ие. Бұған бұл аймақтардың үлкен бөлігіндегі қолайлы ауа-райы жағдай жасаған, сонымен қатар көптеген елдердегі осы секторға берілген мемлекеттік қолдаудың ролі де үлкен көмек болған. Өндіріспен қатар сүт және сүт өнімдеріне деген тұтынушылық деңгейі де өскен.



Сурет 1. Әлемдегі сүт өндірісінің динамикасы, млн. т [2]

Жалпы елдегі тұратын адамдардың санына шаққандағы ұзақ сақталынатын пастерленген сүт және сүт өнімдерін тұтыну деңгейінің көрсеткіші бойынша Ирландия елі әлемде көшбасшы ел, яғни жылына 160 кг тұтынатын болса, Қытай елінде бұл көрсеткіш бары-жоғы 19 кг құрайды. Дамыған елдер арасында ірі тұтынушылардың алғашқы ондығына АҚШ, Канада, Ұлыбритания, Жапония, Оңтүстік Корея және Австралия (пастерленген сүт өнімдерінің нарықтары бойынша), сонымен қатар Италия, Франция, Германия (ұзақ сақталынатын сүт өнімдерінің нарықтары бойынша) кіреді. Сұйық сүт өнімдерін (алмастырғыштарды қоса алғанда) тұтынудың жалпы көлемі бұл елдерде 66,7 млрд. кг құрайды, яғни ол дамыған елдер нарығының 76%-ы және жалпы әлемдік нарықтың 23,5% құрайды. Әлемдік нарықтағы сұраныстың өсуінің негізгі бағыттарының бірі болып, сақтау

мерзімі ұзақ болып келетін сұйық сүт өнімдері (бөлме температурасында сақтай беруге болатын) табылады. Бірақ, мынаған назар аудару керек, ішуге жарамды сұйық сүт өнімдері мен жаңа әзірленген сүт өнімдеріне деген сауда көлемі айтарлықтай жоғары емес. Батыс Еуропа елдері өз өнімдерін негізінен Жерорта теңізі елдеріне, ал Океания елдері – Тынық мұхиты аймағы мен Оңтүстік-Шығыс Азия елдеріне өткізеді.

Тез қоректенуге арналған өнімдерді өткізу каналдары барлық жерде бірдей дамымағандығына қарамастан, аталған сегменттің ірімшік және басқа да өнімдеріне деген сұраныстың арта түскендігі байқалады. Тұтынушылық көлемі бойынша ірімшік барлық сүт өнімдерінің арасында 3-ші орын алады. Ірімшікті тұтынудың неғұрлым жоғары деңгейі Греция (30 кг/адам), Франция (24,6 кг/адам), Исландия (23,8 кг/адам), Гремания (22,1 кг/адам), Австрия (16,2 кг/адам) және Австралия (11,8 кг/адам) елдерінде байқалады.

Әлемдік нарыққа сүт және сүт өнімдерін шығаруда негізгі экспортер елдер болып Жаңа Зеландия, ЕО, АҚШ, Австралия, Аргентина, Канада және Беларусь елдері табылады. Еуропа контингентіндегі елдер арасында бұндай сегментті негізінен Франция, Германия және Нидерланды береді [2].

Сондай-ақ, мынаған назар аудару керек, әлемдік сүт өнімдері нарығында соңғы жылдардың негізгі тенденциясы болып алдыңғы қатарлы компаниялар қуатының бірігулері табылуда. Еуропада француздық өндіруші Lactalis Испанияның екі ірі – Forlase (ірімшік өндірісінің көшбасшысы) және Ebro Puleva (сұйық сүт өнімдері өндірісі бойынша елдегі көшбасшы) еншілес компанияларын өзіне қосып алған. Сонымен қатар Француздық Danone және ресейлік Unimilk компанияларының бірігуі туралы да шешім қабылданған.

Әлемдік нарыққа сүт және сүт өнімдерін шығаратын негізгі экспортер-елдерде, яғни Аргентина, ЕО, Жаңа Зеландия, АҚШ және Австралия сияқты елдерде шикі сүт өндірісінің баяу, бірақ тұрақты өсуі байқалады [3].

Қазақстан Республикасы да жоғарыда аталған елдер сияқты сүт өндірісінің қажетті потенциалына ие, сондықтан сүт және сүт өнімдері нарығының қазіргі заманғы талаптарына жауап беруге ұмтылады. Қазақстан Республикасының малшаруашылығы мен сүт өңдеу облыстарында бұрыннан қалыптасқан дәстүрлер бар. Сүт және сүт өнімдерінің нарығы – еліміздің азық-түлік саласының негізгі ең ірі сегменттерінің бірі, бұл динамикалық дамитын сала. Саланың дамуы тұрақты тенденцияға ие, және оның конъюнктурасы азық-түлік нарығының басқа да түрлеріне айтарлықтай әсерін тигізеді. Сүтті мал шаруашылығы, жалпы мал шаруашылығының негізгі бір салаларының бірі бола отырып, еліміздің ауыл шаруашылығы саласына қарасты жалпы өнімдерінің едәуір бір бөлігін береді.

Зерттеу нәтижелері және нәтижелерді талқылау. Қазақстан Республикасының ауылшаруашылығында малмен айналысатын ұйымдардың тауарлық өнімдерінің құрылымында сүтті малшаруашылығының үлесі төмен пайызды құрайды. Бұл салада ауылшаруашылығы мақсатындағы негізгі құралдардың, малшаруашылығының негізгі құралдарының және ауылдық жерлердегі еңбек ресурстарының едәуір бір бөлігі жинақталған. Сүт өнеркәсібінің жинақталған қолда бар потенциалын, тәжірибесін және дәстүрін ескере отырып Қазақстан Республикасының сүт және сүт өнімдері кешені қазіргі күннен бастап-ақ, алдағы уақытта да сыртқы нарыққа өнім шығаруды қамтамасыз ету жолдарын қарастыру керек [4].

Еліміздің басқа да өнімдер нарығының ішінде сүт және сүт өнімдерінің қазақстандық нарығы өзінің экономикалық және әлеуметтік мәні бойынша негізгі басым бағыттардың бірі болып қалуға тиіс.

Еліміздің және сыртқы нарықтарда өз позицияларын қолдау үшін осы бағыттағы қазақстандық ұйымдар өндірісті ірілендіру және қайта өңдеу секторында сыртқы нарыққа бағытталынған күшті өндірістік құрылымды қалыптастыру арқылы сүт және сүт өнімдерінің әлемдік тенденциясына сәйкес болуға ұмтылуы керек.

Қазақстанның сүт және сүт өнімдері өнеркәсібі сыртқы нарыққа бағытталған басымдық беретін деңгейге жетуге ұмтылғаны дұрыс. Өйткені, бұл аргументті қолдайтын көрсеткіштер ретінде сүт өндірісі көлемінің сыртқы нарыққа шығу үлесінің керісінше сыртқы нарықтан елімізге келетін сүт өнімдерінің жай да болса өсу динамикасынан көруге болады (1-кесте).

Кесте 1

Сүт және сүт өнімдерін өндіру мен сыртқы нарыққа шығару динамикасы

Көрсеткіш-тер	Жылдар						2010 ж. салыстырғанда 2022 ж. көрсеткіш, %
	2010	2012	2015	2017	2019	2022	
Сүт өндіру, мың т	5381	4852	5182	5503	5820	6300	117,07


Кестенің мәліметтерін талдайтын болсақ, мынаған назар аударамыз, яғни 2022 жылы еліміз бойынша жалпы сыртқы нарықтарға 38 мың т сүт өнімдері шығарылған, немесе елімізде сол жылы өндірілген жалпы сүт өнімдерінің шамамен 0,6% ғана құраған, ал бұл көрсеткіш 2019 жылмен салыстырғанда 0,4% төмендеген, ол жылы жалпы өндіріске шаққандағы сүт өнімдерінің сыртқы нарыққа шығуы 1% құраған еді.

Елімізде өндірілетін сүт өнімдерін сыртқы нарықтарға шығару жұмысы кенжелеп қалған десе болады, өйткені 2019 жылы сыртқы нарықтарға шығарылған сүт және сүт өнімдерінің жалпы көлемі бар-жоғы 58 мың т құраса, 2022 жылы – 38 мың т ғана құраған. Еліміздегі жалпы сүт өндірісі көлеміне шаққандағы сыртқы нарықтарға шығарылған сүт және сүт өнімдерінің үлесі 2019 жылы 1,0% тең болған болса, ал 2022 жылы бұл көрсеткіш бары-жоғы 0,6% тең болған. Алдыңғы жылдармен салыстырғанда 2022 жылы жалпы сүт өндіру көлемі артқанымен, сыртқы нарықтарға шығару көлемі төмендеген. Бұндай ақпарат біздің елден шығатын сүт және сүт өнімдерінің сапалық және құндық тұрғыдан алғанда бәсекелестік мүмкіндігінің төмен екендігін айғақтайды.


2022 жылы елімізге сыртқы нарықтардан 163,1 мың т сүт өнімдері жеткізілген, немесе елімізде сол жылғы өндірілген жалпы сүт өнімдерінің шамамен 15,4% құраған, ал бұл көрсеткіш 2017 жылғы деңгеймен салыстырғанда 0,6% көтерілген, ол кезде жалпы өндіріске шаққандағы сүт өнімдерінің сыртқы нарықтан келуі 16% құраған еді (2-ші және 3-суреттер).

Қазақстандық сүт және сүт өнімдерін сыртқа шығарудың өңірлік құрылымына келетін болсақ, ең жоғары меншікті үлес Ресейге тиесілі. Оның үлесі 2022 жылы сыртқы нарыққа шығарылған барлық өнімдердің 42,4% құраған. Қалған біраз бөлігі ТМД-ның басқа елдеріне (52,4%) және алыс шет елдерге (5,1%) тиесілі болған [5].

2022 жылғы мәліметке сәйкес, Қазақстан Республикасынан сүт және сүт өнімдері нарықтарына шығарылатын топ-5 елдерге Ресей (54,8 млн. долл.), Өзбекстан (7,2 млн. долл.), Монғолия (6,68 млн. долл.), Қырғызстан (58 млн. долл.), Армения (2,5 млн. долл.) жатады.



Сурет 2. Сүт өнімдерінің импорты, мың тонна



Сурет 3. Сүт өнімдері өндірісінің және импорттың салыстырмалы үлесі, %

2022 жылы Қазақстан нарығына келіп түскен сүт және сүт өнімдері импортының негізгі топ-5 бағытына – Ресей (187,5 млн. долл.), Беларусь Республикасы (142 млн. долл.), Қырғызстан (30 млн. долл.), Украина (19,6 млн. долл.), Франция (15,8 млн. долл.) мемлекеттері кіреді.

Еуразиялық экономикалық одаққа кіретін мемлекеттер арасында адам басына шаққанда неғұрлым көп сүт өндірісі Беларусь Республикасында, 2015 жылғы мәліметке сәйкес ол 743 кг құраған, бұл одаққа мүше басқа елдерге қарағанда 3 есе көп.


Жалпы алғанда, 2010-2015 жылдары ЕАЭО бойынша бір адамға шаққанда сүт өндірісі 11 кг төмендеген, яғни 259 кг-нан 248 кг-ға дейін, соның ішінде Қазақстанда – 37 кг, Қырғызстанда – 13 кг, Ресейде – 13 кг төмендеген. Керісінше, Армения мен Беларуссияда адам басына шаққандағы сүт өндірісі 45 кг өскенін 2-кестеден көреміз [6].

Кесте 2

ЕАЭО адам басына шаққандағы сүт өндірісінің көлемі

Ел	Жылдар						2010 жылды салыстырғанда 2015 жылмен, %
	2010	2011	2012	2012	2014	2015	
ЕАЭО, соның ішінде:	259	255	255	247	246	248	95,8
Армения	197	199	204	217	232	242	122,8
Беларусь	698	686	715	701	707	743	106,4
Қазақстан	330	316	289	289	290	293	88,8
Қырғызстан	262	258	258	258	248	249	95,0
Ресей	223	221	222	213	211	210	94,2

2019 жылғы мәліметтерді талдайтын болсақ, мынаған назар аудару қажет, ЕАЭО мүше-мемлекеттер арасында Беларусь Республикасы адам басына шаққанда сүт өндіру жағынан әлем елдері арасында алдыңғы орындардың біріне шыққан (785 кг/адам), Ирландия және Дания елдерінен кейін (ол елдерде 1579 және 980 кг/адам). Біздің елде адам басына шаққанда жалпы сүт өндірісі бойынша соңғы жылдары төмендеу процесінің белеу алғандығы байқалады. Бірақ бұл көрсеткіш жалпы әлем елдері арасында аграрлық жағынан дамыған Еуропа мен Америка, сондай-ақ Ресеймен салыстырғанда жоғары (4-сурет).



Сурет 4. Әлемнің жекелеген елдері арасында адам басына шаққандағы сүт өндірісі (2019 жыл), кг/адам

Қазақстан Республикасында соңғы жылдары қабылданған ауылшаруашылығын тұтастай алғанда, соның ішінде сүт және сүт өнімдерін өндіру саласын дамытуға бағытталған шаралар нәтижесінде бірқатар оң нәтижелерге қол жеткізе бастады. 2022 жылы елімізде қуаттылығы 52,4 мың т сүт өндіретін 36 сүт-тауарлы ферма іске қосылды. Ал 2023 жылдың басында сол кездегі ауылшаруашылығы министрі Е. Қарашөкеев ағымдағы жылы еліміздің бюджетінен жалпы өндірістік қуаттылығы 373 мың т болатын 65 жаңа сүт-тауарлы фермасының құрылысына 100 млрд. теңге бөлінетіндігін айтқан еді және де бұған қоса – келесі жылдары 50 жаңа сүт-тауарлы фермасын іске қосу үшін тағы 115 млрд. теңгелік кредит бөлінетіндігі белгілі [7].

Осыншама жұмыстарды іске асыру барысында өндірілген сүт және сүт өнімдерін еліміздің ішкі нарығымен қоса сыртқы нарықтарға, соның ішінде алдымен ЕАЭО нарығына шығару көзделіп отыр. Әлемдік нарықтағы бәсекелестік табысты болуы үшін, алдығы уақытта қазақстандық сүт өнімдерін экспорттау көлемін арттыру мақсатында сүттің сапалы болуына үлкен көңіл бөлінуі керек.

Қазақстан Республикасының сүт өндірісін тұрақты дамуы, бәсекелесу мүмкіндігі, экспортқа бағытталған жұмыс – шығарылатын өнімдердің оларды тұтынатын елдердегі сүт және сүт өнімдеріне қойылатын талаптар мен сапалық деңгейлеріне сәйкес болған кезде ғана мүмкін.

Сондай-ақ, сүттің сапалы болуы үшін, оның нақты майлылық көрсеткіші де төмен болмауы керек. Бұл көрсеткіш бойынша біздің еліміз әлемдегі негізгі көшбасшылар болып табылатын Жаңа Зеландия, Дания, Швеция, Австралия, Финляндия және басқа да кейбір елдерден артта қалып отыр. Нормативтік-

техникалық құжатта сүттің сапасына қойылатын талаптар деңгейін көтеру мақсатында, сонымен қатар ЕО талаптарына сәйкес болу үшін «экстра сорт» позициясы енгізілген, сондай-ақ, сүттің сортына байланысты өңдеу үшін шикі сүтті сатып алу құнын дифференциялау схемасы анықталған және екінші сорт деген алынып тасталған.

Қазақстанда агроөнеркәсіптік кешенді, соның ішінде ауылшаруашылығы саласын дамытудың 2021-2030 жылдарға арналған бағдарламасы құрастырылған, соған сәйкес елімізде ауылшаруашылығы өнімдерін өндіру артуға және қайта өңдеуге түсуге тиіс [8].

Қорытынды. Тұтынушылардың қалауларының өзгерулері қазірдің өзінде кейбір ірі әлемдік нарықтарда сүт және сүт өнімдерін тұтынудың төмендеуіне әкеліп соғуда. Сондықтан аталған ауылшаруашылығы саласы үшін, сүт және сүт өнімдерінің өндірісін әртараптандырып қайта жабдықтау қажет деп санаймын. Әлемдік нарықтағы бәсекелестік мүмкіндік табысты болуы үшін сүт және сүт өнімдерінің жеткілікті деңгейдегі үлкен көлемін өндіру қажет (соның ішінде Қазақстан үшін – «экстра» сұрыпын), жоғары сапалы сүт өнімдерін сыртқы нарықтарға шығару көлемін арттыру қажет, ол өнімдер әлемдік нарық сұранысына және де тұтынушылардың қалауларына сәйкес болуы керек.

Әдебиеттер тізімі

1. Анализ мирового рынка молока в 2015-2019 гг., прогноз на 2020-2024 гг. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: https://businessstat.ru/images/demo/milk_world_2020.
2. Антонова, Н. Итоги года и прогноз на 2021 для мировой молочной отрасли от аналитиков IFCN [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://milknews.ru/longridy/itogi-i-prognoz-ifcn.html>.
3. Мировой рынок молока и молочных продуктов [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://sfera.fm/>.
4. Молочный рынок Казахстана: перспективы и проблемы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://dknews.kz/ru/ekonomika/296325-molochnyu-rynok-kazahstana-perspektivy-i-problemy>
5. Инфографический справочник АПК Казахстана-2022 [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://dairynews.today/kz/news/v-2022-godu-kazakhstan-eksportiroval-38-tys-tonn-moloka-i-molochnykh-produktov-na-80-mln-dollarov.html>
6. Обзор рынка молока и молочной продукции государств-членов Евразийского экономического союза за 2013-2017 гг. [Электронный ресурс]. – Режим доступа: http://milknews.ru/analitika-rinka-moloka/analitika-rinka-moloka_2906.html 141
7. Топ-10 производителей молока в Казахстане в 2022 году [Электронный ресурс]. – Режим доступа: <https://eldala.kz/rating/14931-top-10-proizvoditelej-moloka-v-kazahstane-v-2022-godu>
8. Концепция развития агропромышленного комплекса Республики Казахстан на 2021-2030 годы [Электронный ресурс]. – Режим доступа: (Постановление Правительства Республики Казахстан от 30.12.2021 № 960).

Материал редакцияға 15.02.24 түсті.

Р.Т. Қауымбаев¹, М.Ш. Шардарбек¹

¹Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати, Тараз, Казахстан

МИРОВОЙ РЫНОК МОЛОЧНОЙ ПРОДУКЦИИ И РОЛЬ РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН В ЕГО РАЗВИТИИ

Аннотация. В статье определены и проанализированы основные тенденции формирования молока и молочной продукции на мировом рынке, а также роль Республики Казахстан в этом процессе. Казахстанская молочная промышленность, ориентированная на выход на внешние рынки, обосновывает необходимость следования тенденциям, происходящим в мире, с целью найти «свое место» на мировом рынке.

Ключевые слова: мировой рынок, продажи, производство, качество, внешний рынок, потребитель, спрос, потребность.

R.T. Kauymbaev¹, M.Sh. Shardarbek¹

¹M.Kh. Dulaty Taraz Regional University, Taraz, Kazakhstan

THE WORLD MARKET OF DAIRY PRODUCTS AND THE ROLE OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN IN ITS DEVELOPMENT

Abstract. The article identifies and analyzes the main trends in the formation of milk and dairy products on the world market, as well as the role of the Republic of Kazakhstan in this process. Kazakhstan's dairy industry, focused on entering foreign markets, justifies the need to follow the trends taking place in the world in order to find "its place" in the world market.

Keywords: world market, sales, production, quality, foreign market, consumerism, demand, need.

References

1. Analiz mirovogo rynka moloka v 2015-2019 gg., prognoz na 2020-2024 gg. [Analysis of the global milk market in 2015-2019, forecast for 2020-2024]. [Electronic resource]. – Access mode: – https://businessstat.ru/images/demo/milk_world_2020 [in Russian]
2. Antonova, N. Itogi goda i prognoz na 2021 dlya mirovoy molochnoy otrasli ot analitikov IFCN [Year results and forecast for 2021 for the global dairy industry from IFCN analysts] / [Electronic resource]. – Access mode: <https://milknews.ru/longridy/itogi-i-prognoz-ifcn.html> [in Russian]
3. Mirovoy rynek moloka i molochnykh produktov [The world market of milk and dairy products] / [Electronic resource]. – Access mode: <https://sfera.fm> [in Russian]
4. Molochnyy rynek Kazakhstana: perspektivy i problemy [Dairy market of Kazakhstan: prospects and problems] / [Electronic resource]. – Access mode: <https://dknews.kz/ru/ekonomika/296325-molochnyy-rynek-kazahstana-perspektivy-i-problemy> [in Russian]
5. Infograficheskiy spravochnik APK Kazakhstana-2022 [Infographic directory of the agro-industrial complex of Kazakhstan-2022] / [Electronic resource]. – Access mode: <https://dairynews.today/kz/news/v-2022-godu-kazahstan-eksportiroval-38-tys-tonn-moloka-i-molochnykh-produktov-na-80-mln-dollarov.html> [in Russian]
6. Obzor rynka moloka i molochnoy produktii gosudarstv-chlenov Yevraziyskogo ekonomicheskogo soyuza za 2013 – 2017 gg. [Overview of the market of milk and dairy products of the member states of the Eurasian Economic Union for 2013-2017]

- /[Electronic resource]. – Access mode: http://milknews.ru/analitika-rinka-moloka/analitika-rinka-moloka_2906. [in Russian]
7. Top-10 proizvoditeley moloka v Kazakhstane v 2022 godu [Top 10 milk producers in Kazakhstan in 2022] / [Electronic resource]. – Access mode: <https://eldala.kz/rating/14931-top-10-proizvoditelej-moloka-v-kazahstane-v-2022-godu> [in Russian]
 8. Kontseptsiya razvitiya agropromyshlennogo kompleksa Respubliki Kazakhstan na 2021 – 2030 gody [The concept of development of the agro–industrial complex of the Republic of Kazakhstan for 2021-2030] / [Electronic resource]. – Access mode: (Postanovleniye Pravitel'stva Respubliki Kazakhstan ot 30.12.2021 № 960 [Resolution of the Government of the Republic of Kazakhstan dated 30.12.2021 No. 960]). [in Russian]